

ЕЛБАСЫ ЖОЛЫ - РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ МЕН ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ

Ширек ғасыр тарих үшін қас-қағым сәт десек те, осынау 30 жылдық Тәуелсіздік дәуірінде қолымыз жеткен жемісті жетістіктеріміз де, толағай табыстарымыз да аз емес.

«Толған ел тарихын таспен жазады, тозған ел тарихын жаспен жазады» деп дана халқымыз айтқандай, зар замандар мен талайлы кезеңдерді бастан өткеріп, азаттық жолындағы арпалыста «мың өліп, мың тірілген» ата-бабаларымыздың арман-аңсарына айналған киелі тәуелсіздікке қолымыз жеткелі бері де егемен елдің тарихы жаңа жетістіктермен толыға түсуде.

Тарих халқымыздың талқысына Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтай нар тұлғаны сыйлады, ел тізгінін ұлтымыздың жоқтаушысы бола білген Ұлы даланың перзентіне ұстатты. Бүгінде «Назарбаев феномені» ұғымы бауырлас елдерді былай қойғанда, дамудың даңғыл жолына түскен алдыңғы қатарлы озық мемлекеттердің саяси қайраткерлеріне де етене таныс. «Мен туған халқымның болашағы үшін басымды бәйгеге тіккен адаммын» деп Елбасының өзі ақтарыла айтқандай,

ол тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында халқымызды әлеуметтік және экономикалық қиындықтардан алып шығып, мемлекетіміздің келешектегі жан-жақты өркендеуінің берік іргетасын қалап берді. Тұңғыш Президентіміздің өз ұлтының кемел келешегіне деген шынайы жанашырлығының арқасында бүгінде мемлекетіміз әлеуметтік-экономикалық жағынан қарыштап дамып, осы аз ғана уақыттың бедерінде ауыз толтырып айтарлықтай табыстарға иек артты. Нақтырақ айтқанда, 2010 жылғы беделді халықаралық ұйым – Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына төрағалық етуіміз, ЭКСПО-2017 көрмесін мінсіз өткізуіміз, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелігіне салтанатты түрде сайлануымыз, тағы басқа да табыстарымыз – мемлекетіміздің бағытының айқын екендігін көрсетеді. Мұның бәрі де рухани жаңғыру жолына түскен жас та жасампаз мемлекетіміздің мығым саясатының жемісі. Жалпы ұлтты ұлы мұраттар жолында ұйыстыру, ұлттық сананы оятып, тарихи жадымызды қайта жаңғыру, ұлттық болмысты сақтау секілді маңызды міндеттер Елбасы назарынан бұған дейін де қалып көрген

емес. Тарихи сананы уақыт талабына сай қалпына келтіру, ұлттық тұтастануға тегеурінді серпін беруге тиіс. Мемлекет басшысы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты кезекті дәстүрлі Жолдауында қазақ тілін халықаралық деңгейге жақындату үдерісінде латын әліпбиіне көшудің айтарлықтай әсері болатындығын баса айтады және 2025 жылға дейін білім берудің барлық деңгейінде түркі әлемімен табыстыратын бұл жазуға көшудің нақты кестесін жасауды тапсырады.

Бұл да біздің байыптауымызша, мемлекетімізді жаңа белеске, жаңа биікке жетелейтін бастама. Елбасымыз Н.Назарбаев латын әліпбиі турасындағы ұсыныс-толғамдарын ең алғаш сонау 2006 жылы Қазақстан халық ассамблеясының кезекті басқосуында білдірген болса, 2012 жылы латыншаға көшудің нақтылы мерзімі де мәлім болып қалды. Қалай дегенде де, қоғамда бұл турасында сан түрлі пікір қайшылығы орын алғанымен, төл тілімізді модернизациялауға септесетін латын әліпбиіне көшуден қазақ қоғамы ұтпаса ұтыла қоймайды.

Жалпы осы азаттықтың ақ таңы атқалы бері 30 жыл ішінде тұрақты даму жолына

түскен еліміз алдымен саяси реформалар арқылы жүрген бұл рухани қайта түлеудің маңызы тіптен ерекше. Қазақы ұлттық болмысты, төл мәдениетті мейлінше қадірлеп-қастерлеуге шақыратын, қоғамдық сананы басыбүтін, өзгертуге бағытталып отырған бұл оң бағдарламаның өміршеңдік табуында жоғарыда тілге тиек етілген латын әліпбиіне көшу үдерісі де маңызды рөл атқарады.

Былайша айтқанда, ел бақытына туған, жүрегі халық деп соққан Назарбаев феномені жайлы сөз өрбіткенде біз қиын кезеңдерде, табысты шақтарда да қажымай-талмай, тек елін өрге қарай сүйреген тұлғаның сөзі мен ісінде алшақтық жоқ екенін анық көреміз.

Ал рухани жаңғыру мәселесіне қайта оралар болсақ, бұл шешімге Елбасымыз бір күнде келе салған жоқ. Бұл – рухани мұраларымызды қастерлеуге шақыратын 2004 жылғы «Мәдени мұра» мен 2013 жылғы «Халық – тарих толқынында» секілді бағдарламалардың заңды жалғасы. Күні көше ғана мемлекетіміздегі жан саны 17 млн. 994,2 мыңды құраған болса, мемлекет құраушы ұлт – қазақтардың саны едәуір артып, 12 млн. 792 мыңға жетті.

Демек, мемлекет халқының жоғын түгендейтін, 71 пайызды құрап отырған ұлттың барын бағамдайтын уақыт жетті. «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының да осындай ұлағатты мәні бар. Тіпті бұл жаңа дәуірдің айшықты беттерін суреттейтін Елбасымыздың «Тәуелсіздік дәуірі» атты жаңа кітабында рухани жаңғыру мәселесі аз сөз болмайды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалпы ұлттық рухты сақтауды және оны нығайтуды көздейтінін алға тартқан ол: «Мен өзімнің мақаламда күшті де жауапты адамдардың біртұтас ұлт болып ұйысуы үшін болашаққа бірге қадам басуды, қоғамдық сананы өзгертуді ұсындым.

Қазақстандықтар біздің ұлтымыздың алтын қорын кімдердің құрайтынын білуі тиіс. 2050 жылдың көкжиегіне көз салсақ, рухани жағыру қазақстандықтардың жаңа ұрпағын қалыптастыратын болады. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – бұл біздің дамуымыздың ең өзекті қағидаты. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы – қазақстандық жаңғырудың бүкіл стратегиясына тұтастық, жүйелілік сипат береді.



Жаһандық сын-қатер кезеңіндегі Үшінші жаңғырудың басталуын айғақтайтын мемлекет пен қоғам жаңаруының кең көлемдегі үш үдерісі қанат жайды. Қазақстан өз дамуының жаңа тарихи кезеңіне аяқ басты», - дейді. Сондықтан да жасампаз жылдар жүгін арқалаған бұл еңбектің, оны дүниеге әкелген, қалың оқырманмен қауыштырған Елбасымыздың даналық даңғылын кейінгі толқынға, сонын ішінде Шымкент жастарына да кеңінен дәріптеу алдағы күнде де жалғаса бергені жөн. Өйткені Елбасы жолының – елдік жолы екендігін, рухани жаңғыруға бет алған еліміздің ертеңінің, бүгінгі мен болашағының Тұңғыш Президентімізге тікелей қатысты барлығын өскелең ұрпақ біліп өсуі тиіс. Бұл – халқымыздың да арман-тілегі, шынайы аңсары.

С.ƏЛІБЕК,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ колледжінің
директоры, тарих
ғылымдарының докторы.